

Жаңа жылдық Президент шыршасын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 25 қараша N 533-ө Мектептердің, мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінің оқуда және конкурстарда, олимпиадалар мен спорттық жарыстарда ерекше көзге түскен оқушыларын қолдау мен моральдық ынталандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Ақмола облысы әкімінің көп балалы отбасы балаларына, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерге және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Жаңа жылдық Президент шыршасын 1996 жылдың 27 желтоқсанында Ақмола қаласында өткізу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Президент шыршасын әзірлеу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне Президент шыршасын өткізуге "Білім беру және кадрларды кәсіптік даярлау" 200-бөлімі бойынша шығыстарды нақтылау есебінен 10 (он) млн. теңге бөлсін.

4. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері:

Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесіп Жаңа жылдық Президент шыршасына аталған санатқа жататын 9-13 жастағы оқу озаттарын, белсенді және дарынды балаларды жіберуді 2-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етсін;

балаларды алып келушілердің іссапарына, балалардың бару-қайту жолақылары мен жолда тамақтануға арналған шығыстарды жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төлеуді ұсынсын.

5. Ақмола облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мәдениет министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазтұтынуодағы, "Қазақстан әуе жолы", "Әйр Казахстан" ұлттық акционерлік авиакомпаниялары, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы Жаңа жылдық Президент

шыршасын тиісінше әзірлеп, өткізуді қамтамасыз етсін.

6. Президент шыршасын өткізуге қатысатын министрліктер мен ведомстволардың қызметтерін үйлестіру Қазақстан Республикасы Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөліміне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 25 қарашадағы
N 533 өкіміне
1-қосымша

Президент шыршасын әзірлеу және оны өткізу
жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
ҚҰРАМЫ

Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасының
Білім министрі, төраға
Браун А.Г. - Ақмола облысының әкімі,
төрағаның орынбасары
Құсайынов А.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының жауапты қызметкері

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Беркімбаева Ш.К. - Қазақстан Республикасы Білім
министрінің орынбасары
Власов Н.А. - Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің орынбасары
Дүйсекеев А.Д. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің орынбасары
Дмитриенко Е.А. - Ақмола облыстық білім
басқармасының бастығы
Дорожкина Л.А. - Қазақстан Республикасы Білім
министрлігінің оқу-әдістемелік
тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы
Жалмағамбетова С.Ж. - Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Құлназаров А.К. - Қазақстан Республикасы Жастар ісі
туризм және спорт министрінің
бірінші орынбасары
Кутовой В.И. - Қазақстан Республикасы Мәдениет
министрінің орынбасары
Мұхамеджанов Қ.С. - Қазақстан Республикасы Көлік

және коммуникациялар

министрінің орынбасары

Назмутдинов И.Г. - "Қазақстан әуе жолы" ұлттық
акционерлік авиакомпаниясының
сенімді басқарушысы

Сандыбаев А.Ө. - "Қазақстан теледидары мен радиосы"
республикалық корпорациясының
бірінші вице-президенті

Тоқсейтов Р.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары

Хлыновская В.И. - Республикалық Оқушылар Сарайы
директорының орынбасары

Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп
және сауда министрінің орынбасары

Әлмұхамбетов Б.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының жауапты қызметкері

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 25 қарашадағы
N 533 өкіміне
2-қосымша

Президент шыршасына қатысушылардың САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Барлық қатысушылар - 320

Оның ішінде:

мектеп оқушылары - 200

алып келушілер - 20

шақырылғандар - 100

Облыстар	Балалар	Алып	Шақырылғандар
	саны	келушілер	

Ақмола	10	1	
Ақтөбе	10	1	
Алматы	10	1	

Атырау	10	1	
Шығыс Қазақстан	10	1	
Жамбыл	10	1	
Жезқазған	10	1	
Батыс Қазақстан	10	1	
Қарағанды	10	1	
Қызылорда	10	1	
Көкшетау	10	1	
Қостанай	10	1	
Маңғыстау	10	1	
Павлодар	10	1	
Солтүстік Қазақстан	10	1	
Семей	10	1	
Талдықорған	10	1	
Торғай	10	1	
Оңтүстік Қазақстан	10	1	
Алматы қаласы	10	1	

Жиыны	200	20	100
-------	-----	----	-----